

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
I-Вице-президенті _____ М.Йылдыз
«_____» _____ 201__ ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Президенті _____ У.С.Абдибеков
«_____» _____ 201__ ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-038-2014

**Білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған
орындарға ауыстыру ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Департамент директоры Н. Орманов
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент
Б. Ахметов
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының
бастығы Е. Шахабаев
– Қаржы департаментінің бастығы, бас бухгалтер
Н. Ешметова
– Құқықтық және экономикалық қадағалау
департаментінің директоры А. Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2014

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-038-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру ережесі		8 беттің 2 –ші беті

МАЗМҰНЫ

Мазмұны	2
1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Босаған бос білім гранттарын беру туралы ереже	4
6. Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарына ауыстыру ережесі	4
7. Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген студенттерді Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген грант орындарына ауыстыру ережесі	5
8. Өзгерістерді енгізу тәртібі	5
9. Келісу, сақтау және тарату	6
10. Танысу парағы	7
11. Өзгерістерді тіркеу парағы	8

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-038-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру ережесі		8 беттің 3 –ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің босаған бос білім гранттарын беру, Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген студенттердің Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген гранттан және білім алушыны Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарына ауыстыру шарттарын анықтайды.

1.2 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің босаған бос білім гранттарын беру, Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген студенттердің Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген гранттан және білім алушыны Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарына ауыстыруды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің босаған бос білім гранттарын беру, Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген студенттердің Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген гранттан және білім алушыны Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарына ауыстыруды ұйымдастырушы және өткізуші құрылымдарында міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-21-2014 Университет ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңы;
- ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысымен бекітілген (2012 жылғы 30 наурыздағы №390 қаулысымен өзгерістер енгізілген) «Жоғары білім алуға ақы төдеу үшін білім беру грантын беру ережесі»;
- «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;
- «Оқу үдерісін ұйымдастыру және емтихан регламенті» Өкілетті Кеңес мәжілісінің 02.06.2012 ж. № 42 шешімі
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ – университет ережесі;

Департамент – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

АРСБ – Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасы;

ТТЕ- Түркі тілдес елдер

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-038-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру ережесі		8 беттің 4 –ші беті

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Басқару кеңесінде талқыланады.

4.2 Университеттің осы ережесі Сенатта бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Академиялық мәселер жөніндегі департамент директоры жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

5 БОСАҒАН БОС БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

5.1 Университеттің жоғары білім алу процесінде босаған бос білім гранттарын беру жазғы және қысқы каникул кезеңінде конкурстық негізде бар бос орындарға мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) гранттан босаған орынға талапкерлер факультет деңгейінде конкурстық негізде сарапталып, факультет кеңесінің шешімі, декан ұсынысы және Түркия Республикасы квотасында немесе ақылы негізде білім алушының университет басшысының атына одан әрі білім беру гранты бойынша оқуға өтініші беріледі;

2) университет басшылығы өтінішті конкурстық негізде қарап, ғылыми кеңес шешімімен бірге ағымдағы жылғы 5-тамыз бен 15-қаңтарға дейін мерзімде шешім қабылдау үшін білім беру саласындағы уәкілетті органға жібереді. Білім алушының өтінішіне қоса үміткердің транскриптінен үзінді, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және және жоғары оқу орнынан шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқа) қоса жіберіледі.

5.2 Университет басшылығы оқу үлгеріміне қарай түскен жылын ескере отырып, оқыту мамандығы, нысандары мен мерзімдері бөлінісінде, барлық оқу кезеңінде академиялық қарызы жоқ, мұндай білімгерлер болмаған жағдайда мамандарды дайындау бағыты бойынша құжаттарды қарайды.

5.3. Білім беру саласындағы уәкілетті орган түскен жылын ескере отырып, оқыту мамандығы, нысандары мен мерзімдері бөлінісінде құжаттарды қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады.

5.4 Білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығы негізінде университет басшылығы білім беру грантына ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

6 ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ КВОТАСЫНАН БОСАҒАН ОРЫНДАРЫНА АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ

6.1 Университеттің Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарына ауысу оқу үлгеріміне қарай конкурстық негізде бар бос орындарға мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ақылы негізде білім алушы университет басшысының атына Түркия Республикасы квотасы бойынша оқуға өтініш береді;

2) университет басшылығы өтінішті конкурстық негізде қарайды, білім алушының өтінішіне деканат факультет Ғылыми кеңесінің шешімін, үміткердің транскриптінен үзінді, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және босаған Түркия Республикасы квотасы туралы бұйрық көшірмесін қоса береді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-038-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру ережесі		8 беттің 5 –ші беті

6.2. Университет басшылығы университет президенті бұйрығымен құрылған арнайы комиссияда түскен жылын ескере отырып, оқыту мамандығы, мерзімдері бөлінісінде оқу үлгеріміне қарай барлық оқу кезеңінде академиялық қарызы жоқ, ақылы негізде білім алушының өтінішін 10-ақпанға және 15-қыркүйекке дейінгі аралықта қарайды. Мұндай білімгер болмаған жағдайда келесі көрсетілген реттегі басымдылықпен факультеттегі мамандарды дайындау бағыты бойынша, жалпы факультет, университет көлемінде конкурстық негізде қарайды, курстағы жалпы квотаның 1%-ын Өкілетті Кеңес төрағасы, 1%-ын университет президенті өз шешімдерімен бұйрыққа ұсына алады. Мәселе оң шешілген жағдайда университет басшылығы Түркия Республикасы квотасын беру туралы бұйрық шығарады.

7. ТҮРКІ ТІЛДЕС РЕСПУБЛИКАЛАР МЕН ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДАН КЕЛГЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАРАПЫНАН ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕР (ТТЕ) ҮШІН БЕРІЛГЕН ГРАНТ ОРЫНДАРЫНА АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ

7.1. Университеттің Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген студенттерінің Қазақстан Республикасы тарапынан Түркі тілдес елдер (ТТЕ) үшін берілген грант орындарына ауысуы конкурстық негізде бар бос орындарға мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) факультеттерде босаған ТТЕ грант орындары тиісті деканат тарапынан айқындалып, 15 күн ішінде жоғары оқу орны басшысының атына ұсыныс береді. ТТЕ грантына үміткер болу үшін студент Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келіп ақылы негізде білім алатын және GPA балы ең жоғары болуы тиіс.

2) университет басшылығы өтінішті конкурстық негізде қарайды, білім алушының өтінішіне деканат факультет ғылыми кеңесінің шешімімен (немесе факультет деканының ұсынысы) қоса, үміткердің транскриптінен үзінді, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және босаған ТТЕ грант орындары туралы бұйрық көшірмесін қоса береді.

7.2. Университет басшылығы түскен жылын ескере отырып, оқыту мамандығы, нысандары мен мерзімдері бөлінісінде, мұндай білімгер болмаған жағдайда келесі көрсетілген реттегі басымдылықпен факультеттегі мамандарды дайындау бағыты бойынша, жалпы факультет, университет көлемінде конкурстық негізде қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда ТТЕ грант орындары беру туралы бұйрық шығарады.

7.3. Босаған ТТЕ грантына ауысатын ақылы оқитын Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген студенттер болмаған жағдайда, босаған ТТЕ гранты ҚР Білім және ғылым министрлігіне қайтарылады.

7.4 Түркі тілдес республикалар мен қауымдастықтардан келген студенттер Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстырылмайды.

8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс. (Қосымша 2).

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-038-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Білім беру грантынан және Түркия Республикасы квотасынан босаған орындарға ауыстыру ережесі		8 беттің 6 –ші беті

9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі департамент директорына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын АРСБ-ға сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Б. Ахметов

Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы

Е. Шахабаев

Қаржы департаментінің бастығы, бас бухгалтер

Н. Ешметова

Құқықтық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры

А. Абсеметов

